

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

---

## PR И СМИ В КАЗАХСТАНЕ

*Сборник научных трудов*

Выпуск 23

Составитель и главный редактор  
Л.С. Ахметова

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ PR ЖӘНЕ БАҚ

*Гылыми еңбектер жинағы*

23-шығарылым

Құрастыруышы және бас редакторы  
Л.С. Ахметова

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2022

М.О. Негізбаева,  
Е.И. Дудинова,  
П.Қ. Ертаева

### Қандастар мен мигранттар тақырыбы: өзектіліктің ғылыми негіздемесі

Халықаралық көші-қон ұйымының мәліметтері бойынша [1], Қазақстан көші-қон үдерістері белсенді елдер тобына кіреді. Осы уақытқа дейін Қазақстандағы қандастар мен мигранттардың әлеуметтік бейімделуін ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері ғылыми зерттеулер пәні ретінде қарастырылмаған. Бұл бағыттағы ақпараттық мәтіндер ақпараттық, бағалау, эвристикалық болып құрылымдалып, мәселені сапалы ғылыми ұғыну моделіне сай келмеді. Позитивті ғылыми білім ғана ақпараттық қолдау және қандастар мен мигранттардың әлеуметтік бейімделуіне бағытталған бірыншай стратегиясын әзірлеуге ықпал етеді. Қазір «жаңа азаматтарға» деген кең таралған көзқарас кросс мәдени кешендер, коммуникативтік сәтсіздіктер және қырағы әлеуметтік климат төңірегінде құрылымдалады. Дискурсты этноәлеуметтік саладан саяси-құқықтық салаға түбегейлі аудару.

Сондай-ақ, қозғалыстарды шектеу, шекаралардың жабылуы, өмір сүрге арналған қаржының жоғалуы мигранттардың әлеуметтік бейімделуі мен жайлыштық деңгейінің төмендеуіне алып келді. Қазақстанда Covid-19 мигранттарға біраз қыншылық туғызып, қауіп-қатердің өсіп, әлеуметтік бейімделу деңгейінің төмендеуін анықтады. Тарихи отанына оралған «жаңа азаматтарды» психикалық қабылдамау аясында мемлекеттік бағдарламалар мен атаулы қаржылық көмек қандастардың жергілікті тұрғындармен толыққанды интеграциясы мәселесін шеше алмайды.

«Оралманфобия» мәселесінің ушығуы қандастардың әлеуметтік бейімделуіне, өздерін еркін сезінуге кедергі болады. Олардың көпшілігі қазақстандық қоғамның толыққанды азаматы бола алмады, керісінше қорлау мен сынға ұшырайды.

Қабылдаушы жақтың жергілікті тұрғындарының қандастарға жағымсыз немесе кемсітушілік қатынасының себептері мен қалыптасу концепцияларын зертте, сараптау қажет. Шетелдік зерттеушілер атап өткендей: «Жаңа адамдардың жаппай келуі, жаңа қоғамдық құбылыстың пайда болуы қабылдаушы қоғам адамының оларға бейімделу механизмін құруды талап етті. Бұл көзқарасты дамытпай және стереотипті қалыптастырмай жасау мүмкін емес еді. Мифтер мен стереотиптер қарапайым және маңызды себептермен қоғамдық санада соншалықты тез және берік қалыптасты. Мифтер мен стереотиптер арқылы қатынастардың моделі қалыптасады және қызмет етеді. Егер қабылдаушы қоғамның мигранттарға қатынасы өзгерер болса стереотиптердің құрылымы, олардағы қорқыныш пен қастықтың қарқындылығы өзгереді» [2].

Көші-қон мәселесінің тым саясилануы белгілі бір қындықтарды туғызады. Кейбір шенеуніктер мен журналистер бұл жағдайды шиеленісті жағдайды ушықтыруға, мемлекеттің белгілі бір аймақтарына мемлекеттен қаржылай көмек көрсетуге бастайтын себеп деп санайды. «Көші-қонды тоқтатудың қажеті жок, көші-қонды басқаруды үйрену керек. Бұл посткенестік кеңістікегі барлық тәуелсіз мемлекеттердің үлкен мәселесі, көші-қон экономикалық емес, тек саяси үдеріс ретінде көрінеді» [3].

Мигранттардың бейімделуі материалдық және психологиялық дайындалған қоғамда жедел әрі женіл өтеді. Алайда мигранттарға арналған кез-келген жұмыс іске асқан кезде әлеуметтік түсіну механизмі қосылып, яғни стереотиптер сөзсіз кездесе бастайды. Жаңа ақпаратты оңтайландыру тәсілі ретінде көзқарастар мен алдын ала сендіру қоғам санасында берік орнығады.

Осыған байланысты ғылыми білімнің міндеті стереотиптердің жағымсыз мазмұнын төмендету тетіктерін әзірлеу ғана емес, сонымен бірге көші-қон процесі мен мигранттарға қатысты қоғам мен билік арасындағы қатынастардың барлық кешенін қайта қарау болып табылады. Ақпараттық қолдау моделі, бұл жағдайда, қандастар мен Қазақстандағы мигранттарды қолдау жөніндегі бүкіл іс-шаралар кешенін қамтитын, әлемдік тәжірибелі зерделейтін, «жаңа азаматтың» портретін жасайтын, қандастарды қарапайым еңбек мигранттарынан алшақтататын, Қазақстанның экономикасы мен мәдениетіндегі қандастардың

рөлі мен орнын анықтайтын құрылымдық массивті қамтуы керек. Осыған байланысты Қазақстанның байырғы халқының тілін, тарихи құндылықтары мен дәстүрлерін сақтаған қандастардың рухани-практикалық құндылығының моделін жасау қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық диалогты ұйымдастырып, қандастардың медиалық бейнесін ақпараттық қолдауды жүзеге асыруға қабілетті, алайда, «ескі» азаматтардың «жаңаға» ментальдық қарым-қатынасының жедел конверсиясына сенуге болмайды. Осыған байланысты ұлтаралық және мәдениетаралық диалог, Қазақстандағы көпмәдениеттіліктің аспектілерін зерттеу саласында біраз жұмыстар жүргізу қажет. Қазақстанның тәжірибеге қолданылатын кросс-мәдени коммуникация құбыльсы жаңа ғылыми ұғым мен медиа жұмысының алгоритмін әзірлеуге кең алаң ұсынады.

Сондай-ақ, ішкі және сыртқы көші-қон факторларының, қандастар мәртебесінің Қазақстанның инвестициялық климатына әсерін ғылыми түрғыдан ұғыну де қызықты. Мигранттардың экономикалық және саяси қауіпсіздікке бейімделу факторларын қосу бұл мәселені стратегиялық денгейге шығарады. Бұл сонымен қатар, қандастар мен мигранттардың Қазақстандағы әлеуметтік бейімделуін ақпараттық қолдаудың жаңа медиа-стратегиясын ғылыми түрғыдан түсінуді қажет етеді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев көші-қон мәселелері бойынша бірнеше рет сөз сөйлеп, «оралман» атауын «қандас» (жерлестер) деп өзгерти. Нәтижесінде, 2019 жылдың 11 желтоқсанында депутаттар заңнамаға көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша түзетулерді мақұлдады. Атаудың өзгеруі, әрине, осы терминмен байланысты мәселелердің бүкіл кешенін қайта қарау процестерін бастады.

Пандемия мигранттардың немесе қоныс аударушылардың еңбек және тұрмыстық жағдайларын қатаңдату механизмін белсенді етті, көптеген мемлекеттердің қауіпсіздігі мен экономикалық тұрақтылығының стратегиялық факторларының қатарына енетін ғаламдық көші-қон үдерісіне айтарлықтай әсерін тигізді. Отандық бұқаралық ақпарат құралдарының қандастар мен мигранттардың әлеуметтік бейімделуі мәселелерін ақпараттық қолдаудың әзірленген стратегиясын иемденбеуі айқындалып отырған факт екендігі анық.

Көші-қон тақырыбы аясында ғылыми еңбектерді мынадай Ресей ғалымдардың еңбегінен таба аласыз: Ф.Гонюков (2003), Н.Гуз (2007), А.Вешкурова (2011), В.Мукомель (2011), Т.Шаболатов (2013), Н.Есімханова (2014), Ким Е. (2017), Петрушкова Е. (2017), Рыкун А., Сухушина Е., Южанинова К. (2017). Бұл еңбектер көші-қон тақырыбының экономикалық, саяси және әлеуметтік аспекттерін ашады.

Шетелдік ғалымдар Антонио Эдуардо Мендонса, Todd Драммонд, Ахмад Джавид Ахвар, Николас П. Де Генова, Анна-Мария Фортиер және т.б. көші-қон тақырыбын кеңінен қамтыды.

БАҚ-тағы мигранттың бейнесін талдау шетелдік ғалымдар Скребцова Т. (2007), Веснина Л. (2010), Гришина А. (2010), Аблажей Н. (2012), Белова Е. (2014), Базина Е. (2015), Варганова Е. (2015), Фадеева П. (2015) еңбектерінде кең көрініс тапқан.

Қазақстан мысалында К.Мысаева, С.Барлыбаева, А.Әлжанованың (2016 ж.) еңбектері БАҚ-та еңбек көші-қоны мәселелерін жариялауға арналған.

Жетесова М. (2007), Сулеманова Р. (2009), Амитов С. (2010), Садырова М., Амитов С. (2014) еңбектері Қандастардың көші-қонына арналған.

Қазақстандық ғылымда көші-қон процестері жиі кездеседі, бірақ мигранттың имиджін құрудағы және мигранттардың әлеуметтік бейімделуіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зерттелмеген.

#### **Пайдаланылған көздер тізімі:**

1. Султанов Д. Постоянная величина миграции [Көші-қонның тұрақты өлшемі]. [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31596115](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31596115) (25.08.2020)
2. Дятлов Г. Трансграничные мигранты в современной России: динамика формирования стереотипов [Қазіргі Ресейдегі трансшекаралық мигранттар: стереотиптердің қалыптасу динамикасы]. [Электрон. ресурс]. – 2010. – URL: [http://politeia.ru/files/articles/rus/Politeia\\_Dyatlov-2010-3-4.pdf](http://politeia.ru/files/articles/rus/Politeia_Dyatlov-2010-3-4.pdf) (30.08.2020)
3. Байсалов Э. Ольга Гулина: Миграцию не нужно останавливать, миграции нужно учиться управлять [Ольга Гулина: Көші-қонды тоқтатпау қажет, көші-қонды басқаруды үйрену қажет]. [Электрон. ресурс]. 2019. – URL: <https://cabar.asia/tu/olga-gulina-migratsiyu-ne-nuzhno-ostanavlivat-migratsiejj-nuzhno-uchitsya-upravlyat>. (27.08.2020)

<i>Карабай А.</i>	
Лингвоэстетические особенности медиатекстов .....	269
<i>Келдибаева М.Е., н/рук. Сарсекеева Н.К.</i>	
Тема чиновничества в пьесе Н.Гоголя «Ревизор» и ее новаторский характер.....	274
<i>Құандықова А.А, ғ./жетекшісі Иргебаева Н.М.</i>	
Қазіргі жас отбасындағы қақтығыс себептерінің психологиялық мәселелері .....	279
<i>Сиренова Б.А., н/рук. Тахан С.Ш.</i>	
Лирические аспекты в художественной модели мира в повести О. Бокеева «Отзовись, мой жеребенок».....	287
<i>Шайдулина Д.Р.</i>	
Технобиофилия: ценность природы в современной культуре.....	294
<i>Шайдулина Д.Р.</i>	
Феномен виртуальной идентичности и философское учение Абая о целостном человеке .....	303
<i>Yergali Z.</i>	
Kazakh ethnomedia in the Chinese cultural space.....	312
<i>Yurtçık Alp</i>	
Reflection of Ukraine and Russia war photos in turkish press: in sample of anadolu news agency .....	317

## ГЛАВА V. КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ: ПЕРСОНАЛИИ. НОВОСТИ

<i>Ахметова Л.С.</i>	
А.Х. Касымжанов .....	332
<i>Ахметова Л.С.</i>	
Памяти Н.С. Кенжегуловой.....	349
<i>Бекболатұлы Ж.</i>	
Ұстаз (үштаған). Алтынның сынығы немесе ұстаз туралы ой.....	354
<i>Мухамадиева Л.И., Дудинова Е.И.</i>	
Леди казахстанской журналистики .....	365
<i>Негізбаева М.О., Дудинова Е.И., Ертаева П.Қ.</i>	
Қандастар мен мигранттар тақырыбы: өзектіліктің ғылыми негіздемесі .....	369
Сведения об авторах .....	373

Научное издание

## PR И СМИ В КАЗАХСТАНЕ

*Сборник научных трудов*

Выпуск 23

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ PR ЖӘНЕ БАҚ

*Ғылыми еңбектер жинағы*

23-шығарылым

*Составитель и главный редактор  
Лайла Сейсембековна Ахметова*

Выпускающий редактор Г. Бекбердиева  
Компьютерная верстка А. Алдашевой  
Дизайн обложки А. Калиевой

### ИБ №

Подписано в печать 21.06.2022. Формат 60x84/16.

Бумага офсетная. Печать цифровая.

Объем 23,75 п.л. Тираж 500 экз. Заказ 0.

Издательский дом «Қазақ университеті»  
Казахского национального университета им. аль-Фараби.  
050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.

Отпечатано в типографии издательского дома «Қазақ университеті»